

*¹Конкабаева Н.Н.  ²Абдрахманова К.Х.  ³Кансейтова Э.Ж. 

^{1,2,3}Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет, Алматы, Қазақстан,
E-mail: ¹nkonkabayeva@gmail.com, ²a_gulsum@mail.ru, ³azhar_aiyat@mail.ru

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «АТ-ТУХФА» ҚОЛЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕРГЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Жұмыстың мақсаты – ортағасырлық қолжазбалардың бірі «ат-Тухфа аз-закийа фил луғатит туркийа» (аудармасы «Түркі халқына арналған сыйлық») атты манускрипттегі этнографизмдерге мақалада талдау жасалмақ. Мәмлүк-қыпшақ тілінде бірнеше ортағасырлық қолжазбалар жазылған еді. Бұл қолжазбалардың мақсаты араб халқына, яғни мысырлықтарға қыпшақ тілін үйрету болған еді. Манускриптердің басым көпшілігі тек сөздік бөлігінен, яғни сөз тізбесінен тұрса да, грамматикалық, фонетикалық бөлімдері де болған қолжазбаларды да кездестіруге болады. Фонетикалық бөлімі салыстырмалы түрде араб әліпбиі мен қыпшақ әліпбиі арасында дыбыстық айырмашылықтарды жазба түрінде сипаттап берген еді. Ал, грамматикалық бөлімдері араб және қыпшақ тілдерін салыстыры-салғастыра отырып, араб тілінде қыпшақ тілінің грамматикасын түсіндіріп берген. Зерттеудің міндеттері ретінде осындай үлгіде жазылған Ортағасырлық «ат-Тухфа аз-закийа фил луғатит туркийа» қолжазбасының зерттелу тарихы, аудармалары жайлы сипаттама беріліп, талданады. Ғылымға алғаш рет танымал болған кезден бергі зерттеулер, ғылыми еңбектер тізбектеліп берілген. Қолжазбаның құрылымына, аудармасына тоқтала отырып, ескерткіштегі тілдік бірліктерге тоқталған. Мақалада этнографизмдерге салыстырмалы талдау, сипаттау, аудару сынды әдістер қолданылады. Себебі «ат-Тухфа аз-закийа фил луғатит туркийа» қолжазбасы этнографизмдерді кеңінен сипаттаған еңбектің бірі болып табылады. Жаңалығы болып мәдени жүгі бар сөздерге талдау жасалынып, алғаш рет басқа түркі тілдерімен салыстыру болып табылады. Қолжазба авторының тарапынан берілген түсініктемелерді аудару отырып, мәдени контекспен этнографизмнің баламасы көрсетілді. Нәтижесінде этнографизмдердің табиғатына түсініктеме беріліп, халықтың тұрғылықты жері, айналысқан шаруашылығы, мәдениеті өз таңбасын қалдыратындығы анықталды.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ортағасыр ескерткіштер тіліндегі этномәдени және лингвистикалық парадигма» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі AP19175804).

Кілт сөздер: ортағасырлық қолжазба, қыпшақ, мәмлүк, этнографизм, баламасыз лексика, араб әліпбиі, манускрипт.

Кіріспе

Ортағасырлық ескерткіш «ат-Тухфа аз-закия фил луғатит туркийа» қолжазбасының зерттелу тарихы ХХ ғасырдың басынан бастау алады. Ғылым ортасында жарияланбағанымен, бұл еңбекке қатысты Шемсеттин Самидің зерттеуі бар екені белгілі. Зерттеу туралы алғаш рет Хикмет Тұрхан Дағлыоғлу айтқан. Хикмет Тұрхан айтуынша, Шемсеттин Сами, қайтыс болуынан сәл бұрын, 1321 жылы (1904) жылы аяқтағаны туралы мәлімет береді. Қолжазба зерттеуіне байланысты Агах Сирри Левендтің еңбектері бар. Ғалымның пайымдауынша, «ат-Тухфа» қолжазбасы көбірек ағартушылық, шығарманың 212 беттік дәптерге жазылғанын, бірінші бөлімнің а әрпінен у әрпіне дейінгі сөздерден және олардың мағыналарынан тұратынын; екінші бөлімнің грамматикадан тұратынын айтады.

Сондай-ақ 1903 жылдың қыркүйек айындағы еңбекті Самиге Неджип Асым бергені айтылады ("التحفة الزكية في اللغة تركيك": 20).

Содан кейін Халаси Кун 1942 жылы шығарманың факсимилесін басып шығарды: *La Langue des Kiptchaks d'après un manuscrit arabe d'Istanbul*. II партия: *Reproduction phototypique, Bibliotheca Orientalis Hungarica IV*, Будапешт 1942. Жұмыс *Et Tuḥfe* туралы қысқаша ақпарат берілген бөлімі бар факсимильден тұрады. Факсимильдік басылымның алғашқы беттерінде типографиялық қатеге байланысты біраз түсінбеушілік байқалғанымен, қалған бөлігі түпнұсқалық шығарманың түпнұсқасына сәйкес келеді. Қолжазба көлеміне жақын шығарылған факсимильдік басылым осы салада пайдалы зерттеу болғанымен, қазіргі кезде өте сирек еңбектердің қатарында енгізілген зерттеу болып табылады.

Шығарманың алғашқы аудармасын 1945 жылы Бесім Аталай басып шығарды: *Et Tuḥfet üz Zekiyye Fil Lûāat it Türkiyye*, TDK Publications, Стамбул 1945: Жұмыс, кіріспе, сөздік және грамматикалық бөлімнің аудармасы, грамматикалық көрсеткіші. жұмыстың факсимилиясы. Басылымның кіріспе бөлімінде қыпшақтар мен олардың тілі туралы мәлімет бергеннен кейін Б.Аталай «ат-Тухфаға» қатысты басылымдар, еңбектің маңыздылығы, мазмұны, басқа шығармалардан айырмашылығы, көшірме, басып шығару мәліметтері туралы жан-жақты түсініктемелер беріп, жаңадан табылған еңбектер мен тарихи грамматика туралы зерттеулерге тоқталып өтті. Сөздік аудармасында түпнұсқа еңбекке сәйкес араб және түрік тілдерінде берілген сөздердің ішінде түрік сөздері араб әрпі жұрнағымен емес, тек латын әрпімен берілген. Жолдың арасына немесе қолжазбаның шетіне жазылған түрік сөздері сілтемелерде көрсетілген. Грамматикалық көрсеткіште шығармадағы барлық тілдік материал тарихи және қазіргі диалектілердегі әріптестерімен бірге енгізілген. Қолжазбаның факсимильдік нұсқасы зерттеу соңында беріледі. Шығарманың түпнұсқасына қызығатын қарапайым оқырманға бұл факсимиле пайдалы болғанымен, беттерінің шағын болуы зерттеушілер үшін оқуда қиындық тудыруы әбден ықтимал.

Шығарманың екінші аудармасы Салих Муталлибовтың аудармасымен 1968 жылы Ташкентте жарық көрді: *Attuḥfatuz Zakiyyatu Fillugatit Turkiya [Türkiy Til (Kipçok Tili) Hakida Nouyb Tuḥfat]*, Ташкент 1968. Муталлибовтың аудармасы кеңес ғалымдары арасында ескі мектептен шыққан жұмыстарға үлкен қызығушылық танытылғанның белгісі еді. Б. Аталай аудармасынан бірден-бір артықшылығы бар, бұл аударма түрік сөздерінің де араб әрпімен берілуі, алайда өзбек тіліне аудармасында қолжазбаның факсимилесі жоқ, оқылудың қате болуы, қажетті аударманың жоқтығы сияқты көптеген кемшіліктер бар.

«Ат-Тухфа» қолжазбасы туралы жан-жақты зерттеуді Фазылов пен оның шәкірті Зияев 1978 жылы Ташкентте жариялады: «Изысканный Дар Тюрскому Языку» (Грамматический трактат» Узбекской ССР., Ташкент 1978. Бұл зерттеу, алғы сөзін Кононов жазған: кіріспе, грамматикалық талдау, сөздік және грамматикалық бөлімдердің орысша аудармалары, грамматикалық көрсеткіш және жұмыстың факсимилесі. Кіріспе бөлімінде шығармаға қатысты бүгінгі күнге дейін жүргізілген зерттеулер, шығарманың жазылған жері мен күні, шығарманың авторы мен мазмұны, орфографиялық ерекшеліктеріне тоқталады. Фазылов шығарманың аудармасына көшпес бұрын «ат-Тухфа» қолжазбасы лингвистикалық материалына морфологиялық және лексикалық тұрғыдан қысқаша баға берді. Сөздік бөлімі қолжазбаның бастапқы ретіне сәйкес берілгенімен, парақ нөмірлері шығарманың түпнұсқасынан өзгеше. Бұл сөздік бөлімінің тағы бір кемшілігі бөлімде араб баламалары берілмейді, түрік сөздері тек кириллица әріптерімен берілген. Алайда түрік сөздерін толық транскрипцияда беру бұл сөздердің ерекшеліктерін түсіну тұрғысынан араб әліпбиі формаларының жетіспеушілігін біршама өтейді. Грамматикалық қатардың соңғы бөлігінде кісі есімдері, географиялық және астрономиялық атаулар жеке-жеке енгізілген. Бұл көрсеткіштен кейін грамматикалық тақырыптардың жеке көрсеткіші де беріледі.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу материалы негізінде «ат-Тухфа» қолжазбасының Түркия Стамбул қаласындағы Баязид кітапханасында №3098 нөмірімен сақтаулы түпнұсқаның фотокөшірмесі, Халаси Кунның 1942 жылы жылғы «La Langue des Kiptchaks» атты аудармасының фотокөшірмесі, Бесім Аталайдың 1945 жылы басып шығарған «Et Tuñfet üz Zekiyye Fil Lûaat it Türkiyye» түрік тіліне аудармасы, Салих Муталлибовтың 1968 жылы аударған Türkiy Til (Kipçok Tili) Nakida Nouyb Tuñfat атты өзбек тіліндегі еңбегі, Фазылов пен оның шәкірті Зияев 1978 жылы Ташкентте жариялаған: «Изысканный Дар Тюрскому Языку» (Грамматический трактат») атты баспа еңбектер қолданылды.

Зерттеуде сипаттау, жинастыру, топтастыру, салыстыру-салғастыру, синхрондық-диахрондық, аударма сынды әдіс-тәсілдер пайдаланылды.

Ортағасырлық қолжазбаның тілдік бірліктерін талдамай тұрып, алғашында сипаттау тәсілі қолданылып, қолжазба сипатталынды. Мәдени жүгі бар сөз тіркестері жинастырылып, топтастыру әдісін қолдана отырып, 16 түркі тілдерімен салыстыру-салғастыру жұмыстары жүргізілді. Синхрондық-диахрондық тәсілін қолдану арқылы Көне түркі сөздігінде берілген Орхон-Енисей жазбалары, ортағасыр «Диуани луғат ит-түрк» сынды қолжазбалардан бастап, қазіргі кездегі түсіндірме, екі тілді аударма сөздіктерінен тіл бірліктеріне талдау жасалынды.

Талқылау

Тәуелсіздік алғалы бері еліміздің тарихына, тілдің тарихына, қалыптасуында үлкен рөл атқарған ерте, ортағасыр қолжазбаларына деген қызығушылық күннен-күнге артуда. «Мәдени мұра», «Тарих толқынында» сынды елімізде бірнеше мәдениетімізді, тілімізді, ұлттық мұрамызды жаңғыртуға арналған бағдарламалар да жүзеге асты. Ортағасырлық қолжазбалар, оның ішінде «ат-Тухфа» қолжазбасына деген қызығушылық 1982 жылы Т.Арынов қорғаған орыс тіліндегі кандидаттық диссертация аясында ғана қарастырылған. 1999 жылы Б.Сүйерқұл «ат-Тухфа» қолжазбасындағы етістіктіктердің шырай формаларына ғана тоқталып кетеді. Аталып кеткен екі зерттеушілер де түпнұсқамен тікелей әрі лексикалық бірліктерін қарастырмаған. Сол себепті, тақырып өте тың. Қолжазбаның лексикалық қатпарын жан-жақты қарастыру әлі де өте өзекті. Қыпшақ тілді қолжазба болғаннан кейін қазақ тіліндегі көп нұсқалармен дәлме-дәл келеді. Этнографиялық қырынан қолжазбаны қарастырылған еңбектер жоқтың қасы.

Зерттеу нәтижелері

Қолжазбаның зерттелу тарихына қысқаша тоқтала отырып, қолжазбадағы аударуға келмейтін тіл бірліктерін, яғни этнографизмдерді талдайық.

Этнолингвистика-бұл этногенезді, өмір-салтын, әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа адамдар мен тарихи-мәдени байланысын, адамдардың күнделікті өмірін, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы (Манкеева, 2008:53).

Қазақ этнолингвистикасында А.Қайдар, Е.Н.Жанпейісов, М.М. Копыленко сынды ғалымдар осы ғылымның бір саласындағы зерттеулердің барлық аспектілерін зерттеген.

Профессор М.М.Копыленко Қазақстандағы лингвистика саласындағы проблемаларды ғылыми тұрғыдан бағалап, этнолингвистикаға баса назар аударды. Ол өз талдауларында этнолингвистиканың тұжырымдамалық негіздерін жетілдіру, лексикалық және фразеологиялық зерттеулерде этнолингвистикалық өлшемдерді зерттеу, антропологиялық зерттеулердегі терминология мен тілдік емес этнолингвистикалық элементтерді қарау, антропонимика мен топонимикадағы этнолингвистикалық аспектілерді қарау және ғаламдық тілдер номенклатурасы сияқты лингвистикадағы теориялық мәселелерді қарастыру сияқты болашақ даму бағыттарын белгіледі (Қайдаров, 1988ж. 5: 25).

Тарих, әдебиет, мәдениеттану және археология сыни ғылымдар саласында дамып келе жатқан өрісті құраса да, этнография тіл білімімен тығыз байланыста. Этнолингвистиканы тек этнография мен лингвистикалық пәндердің бірігуі ретінде қабылдау дұрыс емес.

А. Қайдар этнографияны ғылыми сала ретінде кеңінен зерттейді. Басқаша айтқанда, ғалым оны этнос пен тілдің қиылысуынан пайда болған пән ретінде сипаттауға кіріседі, этностың белгілі бір кезеңде дамығанын түсіндіреді, тарих, дін, тәжірибе, дәстүр және мәдениет уақыт өте келе ерекше ұлттық мемлекетке бірігіп, этнос ұғымы айтарлықтай тереңірек зерттелетінін түсіндіреді.

Мысалы, орта ғасырлар дәуірінде жасалған қолжазбаны белгілі бір халыққа жатқызылған мұра ретінде емес, керісінше барлық түркі қауымдастықтарының ортақ мұрасы ретінде мойындау өте маңызды. Бұл қолжазба ішіндегі лингвистикалық компоненттер белгілі бір лингвистикалық топтың лексиконын ғана бөліп қана қоймайды. Талдаудан кейін біз бұл диалектілер кластеріне жататын тілдерге тән лексикалық заттар ғана емес, сонымен қатар оғыз тілдердің әсерін алған және қыпшақ тілдердің белгілері басым лингвистикалық еңбек екеніне көз жеткіздік. “Ат-Тухфа” қолжазбасында қолданылатын тіл оғыз қарлұқ тілімен біріктірілген түркі этникалық тобының ортақ мұрасы ретінде тұр.

Этнографиялық зерттеудің негізгі элементтері этнографизмдерден немесе этнографияда қолданылатын мамандандырылған лексикадан алынған. Ғалым А.Қайдар келесі анықтаманы ұсынады: “Этнография біздің тарихи өткеніміздегі тұрмыстық заттардың пайдаланылуын білдіреді, олардың көпшілігі әлі де қолданылып жүрген, сондай-ақ белгілі кәсіптер, егіншілік шаруашылық, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім, тұрғын үй, киім - үйлену тойы, жергілікті тағамдар, жерді ерекше басқару, құқықтық жүйелер, әдет-ғұрыптар біздің қоғамның ішкі және тілдік мұрасын көрсетеді” (Қайыр Даров, 1985:18-22).

Біз осы анықталған ортағасырлық лексикалық элементтерді қарастырдық және оларды ұжымдық түрде этнографизмдер ретінде жіктедік, олар одан әрі бөлек категорияларға жіктелді. Этнографизмдерді нақты семантикалық немесе лексикалық критерийлерге сүйене отырып санаттау ұсынылмайды. Белгілі бір ұлттың мәдениетін, шаруашылық қызметін, дәстүрлерін, сәулет өнері мен тағамдарын білдіретін айқын этнографизмдердің данасы ұсынылды және ерекшеленді. Иллюстрациялық мысалдар тек қолжазбадан алынған. Тікелей аудармалары жоқ терминдер көбінесе түсіндірме жазбалармен бірге жүреді.

Біз осы анықталған ортағасырлық лексикалық элементтерді қарастырдық және оларды топтап этнографизмдер ретінде жіктедік, олар одан әрі бөлек категорияларға жіктелді. Этнографизмдерді нақты семантикалық немесе лексикалық критерийлерге сүйене отырып санаттау ұсынылмайды. Белгілі бір ұлттың мәдениетін, шаруашылық қызметін, дәстүрлерін, сәулет өнері мен тағамдарын білдіретін айқын этнографизмдердің данасы ұсынылды және ерекшеленді. Иллюстрациялық мысалдар тек қолжазбадан алынған. Тікелей аудармалары жоқ терминдер көбінесе түсіндірме жазбалармен бірге жүреді:

- قَان – qan – хан, сұлтан;
قِيمِيْز – qimiz – қымыз;
مَنْزِلَه – يُورْت – yurt – қоныстанған үй атауы;
مَشْتَا – قِشْلَاو – qışlaw – қыстақ;
مَصِيْف – لَأوْ يَأِي – yaılaw – жайлау;
بَسَاط – وَخَالِي (كَبِيْز) كُوِيُوْز – kuiuuz, xalı - кілем, төсегіш;
كَابِيْن – kabin - қалың мал;
كِيْز – kiz – киіз;
يَاْرْمَا – وَاوْجَا يَأْرْمَا – yarma, kōče – жарма, көже, бидайдан жасалған тамақ;
شِبَاك – تُوْنْكَلُوْك – tüñlük - жарыққа арналған саңлау, түңлік, түндік;
جَرْن – كَالِي – keli - келі, үккіш, кессап (бидай, тарыны үгітуге арналған сайман);
جُوْنَأَق – cünaq – шұнақ, құлағы тесік адам не жануар.

فَيْقُولُ بِاللَّيْنِ طَبِخِ إِذَا) - بُوْتُوقُ - botqa - сүтті ботқа (егер күріш сүтке пісірілсе, оны ботқа дейді)

إِدام - قَاطِقُ - qatıq-қатық, ұйыған сүт, тамаққа тұздық

Қымыз – бие сүтінен ашытылған ұлттық сусын (Қайдар, 2013: 238).

«ДТС»-те: Qimiz қымыз: qimiz süt ja jöŋ jaŋ ja joŋrut qurut қымыз, сүт немесе майдың бір бөлігі, немесе ірімшік (Древнетюркский словарь, 1969: 444).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – қымыз; хакас т. – хымыс; татар т. – кымыз; түркімен т. – ғымыз; өзбек т. – қимиз; қырғыз т. – кымыз; қарақалпақ т. – қымыз; ұйғыр т. – қимиз; тува т. – хымыс; ноғай т. – кымыз; башқұрт т. – кымыз; алтай т. – кымыс; құмық т. – кымыз; әзірбайжан т. – ғымыз; түрік т. – кымыз; чуваш т. – кәмәс.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында «qimiz» деп берілген. Этнографизмге тек түсініктеме берген, бірақ аудармаған. Орта ғасыр кезіндегі басқа да қолжазбаларда қымыз деген сөз қолданысы бар. Бұл өз кезегінде түркі халқының жылқымен айналысқандығын білдіреді. Қазіргі түркі тілдерінде қолжазба тілімен толық сәйкес келеді. Алайда хакас, тува тілдерінде «х» әрпімен, ал түрікмен, әзірбайжан тілдерінде «г» әрпімен берілген.

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» сөздігінде йогурт сөзі уагурт (Курышжанов, 1968: 21).

Йогурт түрік тілінде, өзге түркі тілдерінде қатық сөзінің нұсқалары қалыптасқан (Қазақ тілінің шығу тарихы, 2013: 146).

«Ашыған сүт, айран» мағынасындағы йогурт сөзінің түбірі йоғур М.Қашқари сөздігінде «араластыру, былғау» ұғымында кездеседі. Йогурт – қазақ тілінде кездеспегенмен қазіргі түрік тілінде кеңінен қолданылады. Қазақ тіліндегі құрт сөзі мағынасы жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да бұл сөзбен сабақтас, мәндес (Мусаев, 1975: 181).

Ботқа – егер күріш сүтке пісірілсе, оны ботқа дейді. Оңтүстік қазақтарының бірінде сыркүріш дейді. Қазіргі түркі тілдерінде ботқа – қазақ т., өзбек т., татар т., бутқа – башқұрт т., ботқо – қырғыз т., лапа – түрік т., шилә – әзірбайжан т., шүле – түркімен т., шилвә – ұйғыр т. Ботқа сөзінің мағынасы да, тұлғасы да өзгеріске ұшырамаған.

“ Шұнақ ” терминіне қатысты түркі қауымында, әсіресе көрнекті адамдар өмірден өткен кезде, жоқтаушы өз шаштарын ұстап, құлағын кесетін тәжірибе болғаны анықталды. Т. Арынов шұнақ сөзінің түбінде осы сипатталған дәстүр жатыр деп пайымдалынады.

Шұнақ деген сөзінің Қазақ әдеби тілінің сөздігінде беретін мағыналары: 1) құлағының ұшы кесілген я жабысып кеткен; 2) ауысп. келте, қысқа (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 2011: 10). Шұнақ сөзі дәл «Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген мағынасымен сәйкес келмесе де, қазақ тілінде фразеологизм құрамында қолданылып жүр. Мысылы: шұнақ аяз, шұнақ қаққан аяз – қатты ызғарлы суық, бет қаратпайтын үскірік. Шұнақ қар – қыз, әйелге айтылатын кейіс сөз. Шұнақ құдай – налу, күйінуде тәңірге тіл тигізе айтылатын кейіс сөз (Кеңесбаев, 2007: 37). Шұнақ сөзі тіркес құрамында ғана қолданылатын, көнерген сөздер қатарын құрайды.

Қыстау – төңірегінде мал жайылатын өрісі бар қыс мезгіліндегі малшылардың отыратын қонысы. Қыстау, әдетте, желден жақсы қорғалған ықтанды, қары аз әрі жұқа түсетін жерлерге, жаз бойы мал аяғы баспаған ну қорықты, суы жақын, қалың қамысты, құрақты, бұталы өңірге орналасады (Қайдар, 2013: 200).

Қыстаудың дұрыс таңдалуы өте жауапты іс. Себебі қақаған аязда малдың қырылып қалмауы осы таңдалған қыстаудағы малшының тәжірибесі үлкен рөл атқарады.

Қ. Жалайыридің «Жами’ат-тауарих» атты жылнамасынан: «Йайлақ, қышлақ – жайлау, қыстау. Мауази йайлақы, қышлақы берілді» (Сыздықова, 2014: 323).

«ДТС»-те: Qışlay қыстақ: jaşil qaja jajlayim qizil qaja qışlayim жасыл күз – менің жайлауым, ал қызыл күз – менің қыстауым (Древнетюркский словарь, 1969: 448).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – қыстақ; хакас т. – хыстағ; татар т. – қышлау; түркімен т. – ғышлама; өзбек т. – қишламоқ, қишлоу; қырғыз т. – қыштоо, қыштап чыгуу; қарақалпақ т. – қыслау; ұйғыр т. – қишлаш; тува т. – қыштаг; ноғай т. – қыслау; башқұрт т. – қышлау; алтай т. – қышту; құмық т. – қышлау; әзірбайжан т. – ғышлаг; түрік т. – қышлама; чуваш т. – хәл қасмалли ырайн.

Қолжазбада қыстау сөзі *qışlaw* деп берілген. М. Қашқаридің еңбегінде берілген нұсқамен бірдей. Қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақ тобындағы татар, башқұрт тілдерімен сәйкес келеді. Қышлау деген сөздегі «ш ~ с» сәйкестігі қарақалпақ, ноғай тілдерінде болған. Бұл сөз қыпшақ тобындағы тілдерге тән болып табылады.

Жайлау – малдың жазғы алыс жайылымы. Жайлау сөзіне байланысты тілдік оралымдар: жағасы жайлауда, етегі қыстауда; жайлаудай жайлы, көктемдей нұрлы; жайлауға көшу және т.б. (Қайдар, 2013: 199).

«ДТС»-те: *Jajlaw* жайлау: *jaŋaq* йағ *jajlaw* менің жаздық жайлауым – жаңғақ ағаштарының ортасында (Атабай, 2011: 227).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – жайлау; хакас т. – чайлағ; өзбек т. – яйлов; қырғыз т. – жайлоо; ұйғыр т. – яйлақ; башқұрт т. – йәйләу; түрік т. – йайлак.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *yaɣlaw* деген сөз берілген. «ДТС»-те йайлақ деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде башқұрт тілінде сақталған. Қазақ тілінде «ж ~ й» сәйкестігі байқалады. Қарлұқ тобындағы өзбек, ұйғыр тілдерінде «йа ~ я» дыбысына алмасып, бір дыбысқа айналған. Бұл сөз де негізінен қыпшақ тобындағы тілдерге тән болып тұр.

Йурт – көшпелі халықтың портативті үйі. Моғолстанның йурты кім бу тәңрәде бір біріне би уста ерді (Сыздықова, 2014: 323).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – жұрт, ел; хакас т. – чурт; татар т. – йорт; түркімен т. – өй; өзбек т. – уй; қырғыз т. – үй; қарақалпақ т. – жай, там, үй; ұйғыр т. – өй; тува т. – бажың; ноғай т. – уый; башқұрт т. – йорт; алтай т. – айыл; құмық т. – уый; әзірбайжан т. – ев; түрік т. – ев; чуваш т. – сурт.

Йурт сөзінің «отан, киіз үй» мағынасы бар. Мысалы, ажун йуртыңдын ол хәм көч көтүрмүш (Сыздықова, 2014: 152).

Қолжазбада қоныстайтын үй атауын *yurt* деп берген. Қазіргі түркі тілдерінде татар, башқұрт тілдерімен, яғни қыпшақ-бұлғар тобындағы тілдерге тән сөз екендігін байқауға болады. Қазақ тілінде жұрт деген сөз бар, бірақ архаизмге айналып кеткен. Көшіп кеткен үйдің орнын жұрт деген. Қазіргі кезде ел деген мағынада қолданылады. Хакас, чуваш тілдерінде бастапқы әріптері ғана өзгеше болып тұр. Басқа түркі тілдерінде атау қолжазба тілінен өзгеше болып табылады.

Хан – 1) ең жоғарғы билеуші, монарх; 2) ру-тайпалардың билеушісі. 1) Шыңғыс хан, Борис хан (Годунов), 2) Мөңкү хан, Боданчар хан (Сыздықова, 2014: 328).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – хан; хакас т. – хан; татар т. – хан; түркімен т. – хан; өзбек т. – хан; қырғыз т. – кан, хан; қарақалпақ т. – хан; ұйғ. – хан; тува т. – хаан; ноғай т. – хан; башқұрт т. – хан; алтай т. – хан; құмық т. – хан; әзірбайжан т. – хан; түрік т. – хан; чуваш т. – хан.

Ортағасырлық қолжазбада *qan* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде бұл атау көнерген сөздер қатарына жатқызылады. Қарастырып жатқан 16 түркі тілдерінде бар хан сөзі ортағасыр кезеңдегі аталуымен толық сәйкес келеді. Алайда фонетикалық өзгеріске ұшыраған, яғни «қ~х» дыбысына алмасқан. Тек қырғыз-қыпшақ тобына кіретін қырғыз тілінде «қ» әрпі емес, «к» әрпі қолданылған хан сөзінің нұсқасы бар екен.

Қалың мал – қыздың артынан берілетін салықтың түрі. Қазақ халқында қазіргі күнге дейін сақталған. Тек қалың малдың түрі өзгеріске ұшыраған. Бұрынғы кездері малмен есептеліп, берілсе, қазіргі кезде ақшадай ғана беріледі. Заманға сай өзгеріс болғанымен, аталуы, дәстүрдің өзі сақталған.

«ДТС-те»: Qabīn кабын, натуральды салықтың түрі (Древнетюркский словарь, 1969: 399).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – қалың мал; хакас т. – халың, халых; татар т. – калым; түркімен т. – галың; өзбек т. – қалин пули; қырғыз т. – қалың мал; қарақалпақ т. – қалың; тува т. – калым; құмық т. – кьалын; әзірбайжан т. – калым, башылыг; түрік т. – башлык парасы; чуваш т. – хулаьм укси, тупра.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында kabin деген сөз қазіргі қазақ тіліндегі қалың мал деген ұғымға сәйкес келеді. «ДТС»-те: натуральды салықтың түрі деген мағынада көрсетілген. Мағынасы жағынан бір-біріне келеді. Қалың мал шынымен салық, күйеу жігітке салынатын салық. Қазіргі түркі тілдерінде қалың мал тіркесінің қолданысы бар екендігін көруге болады. Ортағасырлық қолжазбада берілген нұсқамен мүлдем ұқсамайды, яғни өзгеріске ұшыраған. Негізінен, бір-біріне ұқсайтын қалың сөзі қолданылған.

Киіз, кигіз – қойдың күзем жүнінен басылған, үй тұрмысында пайдаланатын бұйым. Көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше. Киіз қазақ жеріндегі көшпелі тайпаларда б.з.б. 1-мыңжылдықта белгілі болған. Киізден сырт киім, байпақ тіккен, оны тек үйді жабу үшін ғана пайдаланып қоймай, киіз үйдің ішкі жасау-жиһаздарын, өзге де тұрмыс-тіршілікке қажет заттарды тігуге де қолданған (Энциклопедия, 2022: 581).

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» кітабында keli деп берген. «ДТС»-те: Kidiz киіз, төсегіш: ol ki[d]izig subqa soqmış (Древнетюркский словарь, 1969: 306).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – киіз; хакас т. – киис; татар т. – киез, тула; түркімен т. – кече; өзбек т. – кигиз; қырғыз т. – кийиз; қарақалпақ т. – кийиз, текиймент; ұйғыр т. – кигиз; тува т. – кидис; ногай т. – кийиз; башқұрт т. – кейез; алтай т. – кийис; құмық т. – кийиз; әзірбайжан т. – кечә; түрік т. – кече; чуваш т. – кёҫсе.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында kiz деп берілген. «ДТС»-те кидиз деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде қосымша дауысты әріптер «і, е, йи» жалғанып, қыпшақ тобындағы тілдерде ортағасырлық қолжазба тілі сақталған. Бұл сөзді қыпшақ тобындағы тілдерге тән деп пайымдаймыз.

Түндік сөзін естігенде киіз үйінің шаңырағына жабылатын төрт баулы киіз еске түседі. «Киіз үйдің туырлық, түндігін, шилерін де былай қояйық» (М. Дүйсенов, Ант). Ертедегі түркілер түндік деп терезе деген мағынада қолданған болатын. Якут тілінде дәл осы сөз «түннүк» деп айтады. Ә.Нұрмағамбетов пікірінше, аталмыш сөздер туынды сөздер деп есептейді. Себебі, ескі, көне түркі тілдері қатарына жататын – чуваш тілінде «теенни» сөзі «тесік, саңылау» деген мағынаны береді. Моңғол тілінде «тооно» сөзі шаңырақ деген түсінікте қолданылады. Тесік деген сөз «теенни» сөзінен туындаған (теенни+дік>тендік>түндік киіз үйге әрі жарық беретін, әрі түтін шығаратын атау пайда болған) (Нұрмағамбетов, 1994).

«Ат-Тухфа» қолжазбасында терезе мағынасында tünlük сөзі қолданылған. Ертедегі түркілер де, ортағасырда да осы сөз қолданылған. Өзгеріске ұшырап, түндік сөзі қолданылған. Қазақ тілінде де түндік болып, үндестік заңына байланысты түндік болып өзгерген. Түркі тілдеріне ортақ лы/лі жалғауы лық/лік болып, кейін қазақ тілінде үндестік заңына сай лық/лік, дық/дік, тық/тік болып өзгерген.

Келі – тары, бидай, т.б. дәнді дақылдарды түйетін, ұнтақтайтын қатты ағаштан жасалған құрал. Келінің биіктігі 50-60 см жуан бөрене ағаштың ортасын 30-35 см тереңдікте ойып жасайды. Келіні шеберлер мықты, әрі жарылмай көп жылға шыдауы үшін, қызған

тандыр ішінде ыстық қозға қақтап алып, оның іші-сыртына қойдың құйрық майын, не түйе қомының майын сіңіреді. Келі жарылып кетпес үшін, әдетте, оның иіні мен тағанын түйенің иленбеген шикі терісімен қаптайды. Шикі тері кепкен кезде тартылады да, келіні қатты қысып қалады. Келінің сыртын қайыспен ысып жалтыратып қояды (Энциклопедия, 2022: 483).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – келі, үккіш; хакас т. – согах, сохна; татар т. – киле; түркімен т. – соқы; өзбек т. – ұғир, ховонча; қырғыз т. – соку, жанчуур; қарақалпақ т. – кели; ұйғыр т. – һаванчә, оғур; тува т. – согааш, соктааш; ноғай т. – кели; башқұрт т. – киле; алтай т. – соқы; құмық т. – кели; әзірбайжан т. – һәвәнкдәстә; түрік т. – хаван; чуваш т. – килә.

Зерттеу нысаны болып табылатын қолжазбада келі деп берілген. Қазіргі түркі тілдерде қыпшақ тобындағы тілдерде осы ортағасырлық қолжазба тілі сақталған. Сонымен қатар, чуваш тілінде келі сөзінің аталуы килә деп қолданылады. Фонетикалық өзгерістер болмаса, қолжазба тілімен сәйкес. Тілі негізінен, қыпшақ тобындағы тілдердің тілі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

«Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген тура аудармасы не баламасы жоқ сөздерге талдау жасалды. Барлығы 12 этнографизм мысал ретінде қарастырылды. Көптеген сөздер қазіргі түркі тілдерінде қазіргі күнге дейін қолданылады. Хан сөзі мәселен, тарихи сөздер қатарына қосылып бара жатқан көнерген сөздер қатарына жатады. Қалың мал сөзі ортағасырлық қолжазбада кездесті. Бұл сөз өз тарапында ортағасырлық атаумен яғни кабин сөзінен өзгеріске ұшырағанын байқадық. Тіптен, қыпшақ тобындағы бірде-бір тілде сақталмаған екен. Бұл сөз атауы өзгеріске ұшырағанмен, мағынасы сол күйі қалған. Көне түркі сөздігінен кабин емес, қабин деген сөз түрінде натуральды салықтың атауы ретінде сөз табылды. Қалың мал деген түсінікті беретін сөз кабин сөз түрінде берілмеген.

Этнографизмдердің басым көпшілігі түркі халықтарының ертеден бері айналысқан мал шаруашылығын сипаттайды. Сүт өнімдері, сусын, мәселен құрт, қымыз, уыз және т.б. берілген. Сонымен қатар, көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үй атауына байланысты киіз, түңлік деген сөз де арабша-қыпшақша сөздіктен табылды. Киіз жасалу материалы болатын болса, түңлік сөзі киіз үйге күн нұры түсетін арнайы киіз үйдегі тесік атауы болып табылады. Шұнақ деген сөз де қазіргі түркі тілдерінде тіркес құрамында қолданылады екен. Алайда бұл салт үлгісі бұрын ұмыт қалған, көнерген сөз болып, тіл қолданысынан жеке сөз ретінде түсіп, тек тіркес құрамында ғана пайдаланылады. Этнографизмдер қатарына келі деген сөзді де енгіздік. Аудармасы бар болғанмен, көнерген сөзге айналған, отырықшы халық өмірі туралы құнды мағлұмат беретін сөздің бірі. Себебі, бидай, тарыны отырықшы халықтар ғана екен болатын.

Қорытынды

Баламасы жоқ лексиканы яғни, этнографизмдерге талдау жасаудың нәтижесінде түркі халықтарының мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қоғып жүретін халық ретінде сипаттайды. Қыстау, жайлау деген этнографизмдер көшіп-қонатын халықтың тұрақтанатын жері болса, киіз үй тұратын қонысы болып табылады. Түңлік те осы киіз үйге қатысты этнографизм болып табылады. Бұл сөз атаулары барлық түркі тілдерінде сақталған. Өр тілде мағынасы бір, тек дыбыстық ауытқулар ғана бар екендігін анықтадық. Түркі халықтарының этнографизмдерін түсіну үшін ертеден бері айналысқан өмір тіршілігін білу керек. Барлық дерлік тіл бірліктері номадтық өмірмен етене байланысып тұр.

Әдебиеттер:

Атабай, 2011 – *Атабай Б.* «Диуани лұғат-ит-түрктегі» қыпшақ сөздері // Қазіргі заманғы түркітану: даму бағыттары мен көкейкесті мәселелері: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 2011. Б. 273-276

Древнетюркский словарь, 1969 – *Древнетюркский словарь* / ред.: Наделяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. Ленинград, 1969. 676 с.

Кеңесбаев, 2007 – *Кеңесбаев І.* Фразеологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. 800 б.

Курьшжанов, 1970 – *Курьшжанов А.К.* Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. - «Тюркско-арабского словаря». Алма-Ата, 1970. 233 с.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011 – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Құраст. А. Жаңабекова, Т.Жанұзақов, Б. Әбілқасымов. 15 томдық / Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. Т.15. Ч-Я. 824 б.

Қазақ тілінің шығу тарихы, 2013 – Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. жалпы ред. басқ. Б. Сағындықұлы Бірінші бөлім. Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. 236 б.

Қайдар, 2013 – *Қайдар Ә.* Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Алматы: Сардар, 2013. Т.3: Табиғат. 608 б.

Қайдаров, 1985 – *Қайдаров Ә.Т.* Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10.Б. 82-85

Манкеева, 2008 – *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: «Жібек жолы», 2008. 356 б.

Мусаев, 1975 – *Мусаев К.М.* Лексика тюркских языков в сравнительном освещении (Западнокыпчакская группа). М.: Наука, 1975. 357 с.

Нұрмағамбетов, 1994 – *Нұрмағамбетов Ә.*Бес жүз бес сөз. Алматы: Рауан, 1994. 304 б.

Сыздықова, 2014 – *Сыздықова Р.* Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре», 2014. 410 б.

Энциклопедия, 2002 – *Энциклопедия: Қазақстан Ұлттық Энциклопедия/* Т.4. Ж-К. бас. ред. Ә. Нысанбаев Алматы, 2002. 720 б.

"التحفة الزكية في اللغة التركية" ат-Тухфатуз закийату фил лұғатит туркийати. İstanbul, №3092. 182 ص.

References:

Atabay, 2011 – *Atabay B.* Diwani lugat-it-turktegy qypchak sozdery. (Kipchak words in "Diwani Lugat-it-Turk" // Modern Turkic studies: directions of development and pressing issues: materials of the international scientific and practical conference). Almaty, 2011. P. 273-276. (in Kaz)

Drevneturkski slovar', 1969 – *Drevneturkski slovar'* (Old Turkic dictionary). ed.: Nadelyaev V.M., Nasilov D.M., Tenishev E.R., Shcherbak A.M.Leningrad, 1969. 676 p. (in Rus)

Kaidar, 2013 – *Kaidar A.* Qazaqtar ana tili aleminde (Kazakhs in the mother tongue world: ethnolinguistic dictionary). Almaty: Sardar, 2013. Volume 3: Nature. 608 p. (in Kaz)

Kaidarov, 1985 – *Kaidarov A.T.* Etnolingvistika // Bilim zhane enbek. (Ethnolinguistics // Education and work).1985. No. 10. P. 82-85 (in Kaz)

Kenesbaev, 2007 – *Kenesbaev I.* Frazheologiyalyq sozdik (Phraseological dictionary). Almaty: "Arys" publishing house, 2007. 800 p. (in Kaz)

Kuryshzhanov, 1970 – *Kuryshzhanov A.K.* Issledovanie po leksike starokipchakskogo pis'mennogo pamyatnika XIII v. (Research on the vocabulary of the ancient Kipchak written monument of the 13th century). "Turkish-Arabic Dictionary". Alma-Ata, 1970. 233 p. (in Rus)

Mankeeva, 2008 – *Mankeeva J.A.* Qzaq tilindegi etnomadeni ataulardyn tanymdyq negizderi. (Cognitive bases of ethnocultural names in the Kazakh language). Almaty: "Silk Road", 2008. 356 p. (in Kaz)

Musaev, 1975 – *Musaev K.M. Leksika turkskih yazykov v sravnitelnom osveshenii* (Zapadnokipchakskaya gruppа) (Vocabulary of Turkic languages in comparative light (Zapadnokypchakskaya group). M.: Nauka, 1975. 357 p. (in Rus)

Nurmagambetov, 1994 – *Nurmagambetov A. Bes zhus bes soz. (Five hundred and five words)*. Almaty: Rawan, 1994. 304 p. (in Kaz)

Qazaq tilinin shygu tarikhi, 2013 – *Qazaq tilinin shygu tarikhi: Fonetika. general ed. etc. B. Sagindykuly* (The history of the origin of the Kazakh language: Phonetics. The first part). Almaty: "Aldongar" Culture Development Fund, 2013. 236 p. (in Kaz)

Qazaq adebi tilinyn sozdygy, 2011 – *Qazaq adebi tilinyn sozdygy. (Dictionary of the Kazakh literary language. 15 volumes / Compilation: A. Zhanabekova, T. Zhanuzakov, B. Abylkasymov, etc.)* Almaty: Kazakh encyclopedia, 2011. Volume 15. - Ch-Ya. - 824 p. (in Kaz)

Qazaqstan Ultyq Ensiklopedia, 2002 – *Qazaqstan Ultyq Ensiklopedia* (National Encyclopedia of Kazakhstan/ Ed. ed. A. Nysanbaev. T.4. J-K). Almaty, 2002. 720 p. (in Kaz)

Syzdykova, 2014 – *Syzdykova R. Sozder soileidy (sozderdyn qoldanylu tarikhyuan)* (Words speak (from the history of the use of words). Multivolume collection of works. Almaty: "El-shezhire", 2014. 410 p. (in Kaz)

تركيبية التحفة الزكية في اللغة تركية XV التحفة الزكية في اللغة، " at-Tuhfatuz zakiyatu fil lugatit turkiyati. İstanbul, #3092. 182 p. (in Arab)

*¹Конкабаева Н.Н. ²Абдрахманова К.Х. ³Кансейтова Э.Ж.

^{1, 2, 2}Казахский национальный педагогический университет

имени Абая, г. Алматы, Казахстан

E-mail: ¹nkonkabayeva@gmail.com, ²a_gulsum@mail.ru, ³azhar_aiyat@mail.ru

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЭТНОГРАФИЗМОВ В СРЕДНЕВЕКОВОЙ РУКОПИСИ «АТ-ТУХФА»

Аннотация. Цель работы-проанализировать этнографизмы в манускрипте под названием «ат-Тухфа аз-Закия фил лугатит Туркия» (перевод «подарок тюркскому народу»), одной из средневековых рукописей. На мамлюкско-кипчакском языке было написано несколько средневековых рукописей. Целью этих рукописей было обучение кыпчакскому языку арабского народа, то есть египтян. Хотя подавляющее большинство манускриптов состояло только из словарной части, то есть из списка слов, можно также найти рукописи, которые имели как грамматические, так и фонетические разделы. Фонетический раздел описывает звуковые различия между арабским алфавитом и кипчакским алфавитом в письменной форме. Грамматические разделы, сравнивая арабский и кыпчакский языки, объясняет грамматику кыпчакского языка на арабском языке. В качестве задач исследования дается описание и анализ истории изучения, переводов средневековой рукописи «ат-Тухфа аз-Закия фил лугатит Туркия», написанной по такому образцу. Впервые в науке представлены исследования, научные труды. Обращаясь к структуре, переводу рукописи, остановился на языковых единицах в памятнике. В статье используются такие методы, как сравнительный анализ, описание, перевод этнографизмов. Потому что в рукописе "ат-Тухфа аз-Закия фил лугатит Туркия" описывается большое количество этнографизмов. Новизной является анализ слов с культурным багажом и впервые сравнение с другими тюркскими языками. Был продемонстрирован эквивалент этнографизма с культурным контекстом с переводом объяснений автора рукописи. В результате было дано объяснение природе этнографизмов и установлено, что место жительства, занимаемое хозяйство, культура народа оставляют свой след на языковых единицах.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

«Этнокультурная и лингвистическая парадигма в языке средневековых памятников» (регистрационный номер AP19175804).

Ключевые слова: средневековая рукопись, кыпчак, мамлюк, этнографизм, безальтернативная лексика, арабский алфавит, манускрипт.

*¹Конкабаева N.N. ²Abdrakhmanova K.H. ³Kanseitova E.Zh.

^{1, 2, 3}Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan;

E-mail: ¹nkonkabayeva@gmail.com, ²a_gulsum@mail.ru, ³azhar_aiyat@mail.ru

THE COMPARATIVE ANALYSIS OF ETHNOGRAPHISMS IN THE MEDIEVAL "AT-TUKHFA" MANUSCRIPT

Abstract. The purpose of the work is to analyze the ethnographic features of the manuscript of one of the medieval manuscripts "at – Tukhfa Az-Zakiya phil lugatit turkiya" (translation "gift for the Turkic people"). Several medieval manuscripts were written in the Mamluk-Kipchak language. The purpose of these manuscripts was to teach the Kipchak language to the Arab people, that is, to the Egyptians. Although the vast majority of manuscripts consist only of a dictionary part, that is, a list of words, you can also find manuscripts that also had grammatical and phonetic sections. The phonetic section relatively described the sound differences between the Arabic alphabet and the Kipchak Alphabet in writing. In addition, the grammar sections of the Kipchak language explained the grammar of the Kipchak language in Arabic, comparing the Arabic and Kipchak languages. As tasks of the study, a description of the history of the study, translations of the medieval manuscript "at-Tukhfa", written in this form, is given and analyzed. Research, scientific works from the time of its first popularity in science are presented in a series. Focusing on the structure and translation of the manuscript, he focused on the language units in the monument. The article uses such methods as comparative analysis, description, translation of ethnography. Because the manuscript "at-Tukhfa" is one of the works that widely describes ethnographisms. The novelty is the analysis of words with cultural baggage and comparison with other Turkic languages for the first time. The equivalent of ethnography with a cultural context was shown, translating the comments given by the author of the manuscript. As a result, an explanation of the nature of ethnographisms is given, and it is established that the place of residence, the economy in which the people were engaged, and the culture leave their mark.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Ethnocultural and linguistic paradigm in the language of medieval monuments» (Registration number AP19175804).

Keywords: medieval manuscript, kypchak, mamluk, ethnography, uncontested vocabulary, Arabic alphabet, manuscript.

Авторлар туралы мәлімет:

Конкабаева Назым, PhD, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Филология факультеті, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының меңгерушісі, Достық 13, Алматы Қазақстан Республикасы.

Абдрахманова Кулсын, филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Филология факультеті, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының профессоры, Достық 13, Алматы Қазақстан Республикасы.

Кансейтова Элеонора, филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Филология факультеті, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының, Достық 13, Алматы Қазақстан Республикасы.

Information about authors:

Konkabayeva Nazym, PhD, Abay Kazakh National Pedagogical University Almaty, Kazakhstan.

Abdrakhmanova Kulsyn, Candidate of Philological Sciences, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Kanseitova Eleonora, Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Senior Teacher of the Department of Oriental Philology and Translation, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Конкабаева Назым, PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

Абдрахманова Кулсын, кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Республика Казахстан.

Кансейтова Элеонора, кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.